

6B04204 – «Халықаралық құқық» білім беру бағдарламасының түлек моделі

Білім беру бағдарламасының негізгі міндеттері:

- халықаралық және ұлттық құқық саласында терең теориялық білім мен практикалық дағдыларды меңгеруге қажетті жағдайларды қамтамасыз ету;
- халықаралық ұйымдарда, мемлекеттік органдарда, сыртқы саясат және халықаралық ынтымақтастық саласында кәсіби қызмет атқара алатын жоғары білікті, бәсекеге қабілетті халықаралық құқық бакалаврларын даярлау;
- халықаралық құқық қағидаттарын құрметтейтін, жаһандық құқықтық кеңістікте кәсіби және азаматтық жауапкершілігі жоғары мамандарды қалыптастыру.

Жалпы мәдени (жалпы білім беру) құзыреттіліктер

Бітіруші:

- тұлғааралық, мәдениетаралық және кәсіби қарым-қатынас жағдайларында қазақ, орыс және шет тілдерінде (кемінде бір шет тілі) ауызша және жазбаша түрде сауатты қарым-қатынас жасай алады;
- кәсіби қызметінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, халықаралық және ұлттық құқықтық дерекқорларды, интернет-ресурстарды, деректерді іздеу, өңдеу, сақтау және қорғау құралдарын қолдана алады;
- өзін-өзі дамыту, кәсіби және мансаптық өсу мақсатында өмір бойы білім алу қағидаттарына негізделген жеке білім беру траекториясын құра алады;
- құқықтық мәдениетке, академиялық адалдық қағидаттарына, толеранттылық пен халықаралық ынтымақтастық құндылықтарына негізделген дүниетанымды қалыптастырады.

Кәсіби (пәндік) құзыреттіліктер

Бітіруші:

- халықаралық жария және жеке құқықтың, халықаралық шарттар мен конвенциялардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасының негізгі нормаларын кәсіби қызметінде қолдана алады;
- халықаралық құқық субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін, халықаралық-құқықтық қатынастардың ерекшеліктерін талдайды және түсіндіреді;
- халықаралық шарттар, меморандумдар, құқықтық қорытындылар және өзге де халықаралық-құқықтық құжаттарды дайындауға және ресімдеуге қатыса алады;
- халықаралық дауларды бейбіт жолмен шешу тетіктерін, халықаралық соттар мен арбитраждардың қызметін түсінеді және қолдана алады;
- сыртқы саясат, халықаралық экономикалық және гуманитарлық қатынастар саласында құқықтық сүйемелдеуді жүзеге асырады;
- әлеуметтік, этикалық және кәсіби жауапкершілік нормаларын сақтай отырып, негізделген құқықтық шешімдер қабылдай алады.

Түлектің кәсіби даярлық нәтижесі

6B04204 – «Халықаралық құқық» білім беру бағдарламасының түлегі халықаралық және ұлттық құқық саласында кәсіби қызмет атқаруға, халықаралық ұйымдар мен мемлекеттік органдарда жұмыс істеуге, халықаралық-құқықтық құжаттарды қолдануға және әзірлеуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының және халықаралық қоғамдастықтың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға қабілетті халықаралық құқық бакалавры болып табылады.